



ӨНЕГЕ

2 ӨКЕГЕ ҚАРАП
ӨСКЕН ҰЛ



COVID-19

4 ЕРКІНСҮГЕ
ӘЛЕ ЕРТЕ



ТАҒЫМ

6 ХАЛҚЫНЫҢ
ҚАЛАУЛЫСЫ



ЖЕҢІС-75

7 ДОНДЫ
КОРҒАҒАН
ДАҢҚТЫ БАТЫР



Ел тілегі – Елбасының саулығы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан сынама алу барысында коронавирус анықталуына байланысты Сыр елінің жұртшылығы зор алаңдаушылық білдірді. Тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалап, қазақ халқын дүние жүзіне танытқан әлемдік деңгейдегі көшбасшының дерттен айығып, тезірек сауығып кетуіне ниеттестік білдірген хаттар мен жеделхаттар легі елордаға үздіксіз жолдануда.

Сыр бойының беделді азаматтары, соғыс және еңбек ардагерлері, спорт пен өнер тарландары, бизнес және жастар өкілдері Елбасыға ыстық ықыластарын арнап, мықты денсаулық тілеп, шынайы лебіздерін жеткізуде.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, ғасыр жасаған ақсақал Бөрібай Құлманов: «Сіз әлем елдерін жайлаған індеттің алдын алып, алғашқы болып жедел шешім шығарып, тиісті шаралардың қабылдануына зор ықпал еттіңіз. Өзіңіз Алаштың анасына балаған Сыр жұртшылығы пандемия кезінде Сіздің халыққа жасаған қамқорлығыңыз бен жанашырлығыңызды ерекше сезінді» деп ризашылығын білдіреді.

Даңқты жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов «Бабам қазақ: «Ауырып тұрдың – аунап тұрдың» дегендей, дертке шипа тілеймін! Аты жаман науқас артта қалып, жақсы күнге жетіп, еліміздің бұдан әрі дамуын кара орман халқыңыздың Елбасымен бірге көруіне нәсіп етсін!» деп ағынан жарылып, тілек айтады.

Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев Сыр дикандарының атынан: «Бұл сынақты жеңіл еңсереді деп сенеміз және әрқашан деніңізге саулық тілейміз» деп шынайы ниеттестік танытса, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі Бақберген Досманбетов: «Сіз салған сара жол арқылы халқымыз кез келген қиындықты еңсерегініне сенімім мол!» деп жылы лебізін арнаған.

Мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, еліміздің еңбек сіңірген спорт шебері Элизабет Тұрсынбаева: «Бүгінгі күні әлемді шарпыған індеттің Өзіңізге де жеткені туралы хабар мені де бейжай қалдырмады» деп жанашырлық білдіреді. Ал ауыр атлетикадан әлемнің төрт дүркін чемпионы Илья Ильин: «Өзіңіздің арқанызда Қазақстан өсіп-өркендеп келеді» деп ризашылығын аңғарта, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор Кенес Дүйсекеев: «Ел үшін жасап жүрген ұлан-ғайыр еңбегіңізді, шекарамызды бекітудегі тынымсыз тірлігіңізді жоғары бағалайтын әр қазақ Сіздің сауығып шығуыңызға тілектес» деп ой толғайды.

Сондай-ақ, Арал өңірінің балықшылары атынан Қазақстанның бұрынғы Балық шаруашылығы министрі, мемлекет қайраткері Құдайбергелі Саржанов, денсаулық сақтау саласының ардагері Тұрғанбай Маханов Тұңғыш Президентке жанашырлық танытып, тілектерін арнаған. Елімізге танымал өнер саңлақтары – әнші-композитор Жеңіс Сейділлаұлы, айтыскер ақын, композитор Елена Әбдіқалиқыра, «Алтын домбыра» жүлдегері екі мәрте иеленген айтыскер ақын Мұхтар Ниязов руханият саласын үнемі қолдап келе жатқан Нұрсұлтан Назарбаевқа аман-саулық тілеген. Сонымен қатар, өңір құрылысшыларының атынан «Бак-Береке» ЖШС директоры Қайрат Ерназаров, осыдан отыз төрт жыл бұрын Тұңғыш Президент Сыр еліне сапармен келген күні өмірге есік ашқан Нұрсұлтан Әбділдаев ақжарқын ой-пікірлерін арнаған. Елбасының тезірек сауығып кетуіне «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазалы аудандық теміржол саласы ұжымдары да шын көңілден ниеттестік білдірген.

«Ол – рухы мықты адам. Оның бүкіл өмірі күреске толы, сондықтан, бұл сынақты да жеңіл еңсереді деп сенемін» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, Сыр елі үнемі сергектікті серік етіп келе жатқан Елбасының бұл сынақтан да аман-есен өтетініне еш күмәнданбайды. Бір кезде күллі қазақ жұртының астанасы болған өңірді «Сыр – Алаштың анасы» деп атаған Нұрсұлтан Әбдішұлының денсаулығы мықты болуына халқымыз әрдайым тілектес.

БАСПАСӨЗ – 2020

Құрметті оқырман! Екінші жартыжылдыққа жазылу жүргізілуде

6 айға жекелер үшін /3500 тт. Мекемелер үшін /4500 тт

Облыс әкімінің құттықтауы

Құрметті медицина ардагерлері мен қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлт денсаулығы - мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі» деген болатын.

Қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі.

Бүгінгі күні облыс бойынша 23 стационарлық, 21 амбулаториялық емханада 2 423 дәрігер, 9 528 орта буынды мамандар медициналық қызмет көрсетіп келеді.

Жылдан жылға осы саланың материалдық-техникалық базасы нығайып, әлемдік озық технологиялар мен телемедицина күнделікті қолданысымызға еніп отыр.

Сала қызметінің сапасын жақсарту мақсатында «2019-2025 жылдарға арналған денсаулық сақтау нысандарының өңірлік перспективалық даму жоспары» бекітіліп, жалпы құны 73,5 млрд теңгеге заман талабына сай 118 нысан салу жоспарланды.

Денсаулық сақтау саласының тарихында, аймақ медицинасының дамуына зор үлес қосқан ардагерлер алтын қолды дәрігерлер Омаров Ернұз Омарұлы, Маханов Тұрғанбай

Маханұлы, Көзденева Рая Әбдешқызы, т.б. секілді аға буын өкілдерінің еңбегі – бүгінде талайға үлгі.

Сыр дәрігерлері COVID-19 індетімен күрес кезінде уақытпен санаспай, белгілі хирург Шүленбаев Абдулла Сыздықұлы, халықтың құрметіне бөленген Шыңжырбай Оразмаханұлы мен Жұкпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Мухамбетова Айна Қарабұзауқызы, т.б. ел аман-дәулетін сақтау жолында асқан жауапкершілік пен батырлықтың үздік үлгісін көрсетуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Сіздерге деген халықтың ыстық

ықыласы мен риясыз алғысының дәлелі ретінде ерекше қолдау білдірді.

Бірнеше ай бойы отбасыларыңыздан жырақта, өз денсаулықтарыңызды қатерге тігіп, қауіпті вируспен күресіп жүрген Сіздерге барша Сыр жұртшылығы атынан зор ризашылығымызды білдіремін!

Сіздерге мықты денсаулық, қажымас қайрат, шаңырақтарыңызға шаттық, бак-береке тілеймін.

Жақындарымызға жанашыр болайық! Біз біргеміз!

Облыс әкімі
Гүлшара
ӘБДИҚАЛЫҚОВА

● 21 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ



Әлемде қанша мамандық болса, бөрінің маңызы зор. Әйтсе де, адам жанының арашашысы болған ақ халатты абзал жандардың орны ерекше екені даусыз. Себебі денсаулық – адамның баға жетпес байлығы. Дәл қазіргі кезде дәрігер қауымының жұмысы бұрынғыдан да қауырт әрі жауапты. Өйткені олар әлемді жайлаған қауіпті індетпен күресіп бірнеше ай бойы отбасыларынан тысқары, өз денсаулықтарын қатерге тігіп алдыңғы шепте келеді. Ауруға шалдыққандарға шипа іздеген ақ халаттылар еңбегі қоғам үшін маңызды, әрі абройлы екені осы сөзге тағы бір мәрте айқындалды.

Саулық күзетіндегі қырағы қызмет

Індет елге енген сәттен бастап Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тиімді шараларды қабылдады. Соның арқасында вирус жұқтырғандар саны өзге елдермен салыстырғанда әжептәуір аз болды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы індетпен күресуші мамандарға қаржылай қолдау көрсетуді де тапсырды.

Осының негізінде Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы бұйрығының негізінде облыс әкімдігінің қаулысымен аймақтағы індетпен күресуші медицина мамандарына қауіптілігі санатына қарай үстемеақы берілді. Кәсіби мереке қарсаңында бірқатар мамандарымыз министрліктің, облыс басшысының марапаттарына ие болды. Бұл біздің дәрігерлерімізді жігерлендіргені сөзсіз. Індеттің қауіп әлі сейілген жоқ. Керісінше, белең алып отыр. Осы орайда аймақ ақ халаттылары халық саулығын қорғау күзетіндегі міндеттерін мүлтіксіз атқара бермек.

Сыр медицинасы заман талабына сай жарақтанып, дамып келеді. Мәселен, бүгінде саланы медициналық-техникалық құрал-жабдықтармен жарақтандыру 75,78%-ті құрайды. Аталған көрсеткіш 2016 жылы 63,76%, 2017 жылы 66,41%, 2018 жылы 70,93%, былтыр 75,22 процентпен қорытындыланды. Биыл бұл үрдіс жалғасын тауып, 105 дана медициналық техника алу жоспарлануда.

Бүгінгі таңда облыс халқына 2423 дәрігер, 9528 орта буын маман қызмет көрсетеді. Аймақтың денсаулық сақтау саласында дәрігер мамандар жетіспейді. 2018 жылдың 1 қаңтарына тапшылық 205 дәрігерді, өткен жылы 137 дәрігерді құраса, осы жылы 162 дәрігерді құрап отыр. Бұл тенденция республика көлемінде байқалады.

4-бет.



COVID-19 475 адам аурудан айықты

Жұма күні аймақта коронавирус инфекциясымен тіркелген симптомды науқастар саны – 537-ге жетсе, симптомсыздар саны 208-ді құрады. Ал 475 адам аурудан айығып шықты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

– Симптомды жаңа 5 жағдайдың бесеуі де скринингтен анықталса, симптомсыз корона-вирус инфекциясының 12 дерегі тіркелді. Оның 5-і скринингтен, 2-і ақылы тест сынамасын тапсырғаннан, 5-і індет жұқтырған

науқаспен байланыста болғаннан анықталды, – деді ол.

Сондай-ақ, вирус жұқтырғандармен байланыста болған 6085 азамат анықталды. Оның 3710-ы тікелей қарым-қатынаста, 2375-і жанана байланыста болған.

«СБ» ақпарат.

● МАМАН МІНБЕРІ

Аурудан сақтану – әркімнің өз қолында

Дүниені дүрліктірген дүдәмал дерттің дендеп бара жатқаны белгілі. Коронавирус ең бастысы денсаулық екенін талайға ұғындырды. Әлемді өбiгерге салған мұндай індет түрлері бұрын да болған, тек арнайы жасалған вакциналар ғана таралуын тоқтатуға қауқарлы. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласында қырық жыл еңбек еткен Амангелді Бисенов «қазір ең қажетті дүние – вакцина» дейді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

– Өзім еңбек еткен жылдары облыс тұрғындары арасында сүзек, жедел ішек, сары ауру, бруцеллез, وبا, тырысқақ, туберкулез, Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы сынды аса қатерлі жұкпалы ауруларды болдырмау үшін эпидемиологиялық жұмыс атқарды.

Коронавирус секілді елді түгел алаңдатқан індет түрлері бұрын да кездесті. Мәселен, соғыс аяқталғаннан екі айдан соң Арал ауданында малдан адамдарға وبا ауруы жұғып, 127 адам дүниеден өтті деген дерек бар. Ол кездегі халықтың тұрмыс жағдайының аса ауыр екені айтпаса да белгілі. Дегенмен, бүкіл ел, медицина қызметкерлері бірігуінің арқасында ауруды жеңе алдық. Содан бері әлі күнге дейін республика көлемінде وباға қарсы станциялар жұмыс істеп келеді. Корона-вирустан кейін де осындай зерттеу орталықтары іске қосылуы мүмкін. Ал, 1918-1920 жылдары әлемде испан тұмауына 300-400 млн адам шалдықты. Соның 50 млн-ға жуығы өмірімен қош айтысты.

Біз 1977 жылы жоғары оқу орнын бітіріп келгенде, облыста 10 мыңға жуық адам сары аурумен ауырды. Өйткені, дер кезінде вакцина табылмады. Вакцина табылғаннан кейін ғана жағдай тұрақталды. Сондықтан, дәл қазіргі уақытта вакцина ауадай қажет, – деді сала ардагері.

Әлемді алаңдатса да, қоғамда кейбір адамдардың дертке немқұрайлы қарайтыны, өзіндік пікір айтып, басқаларға «ақыл» қосатыны бар. Көзге көрінбегенін, ауруды елемейді, ескермейді. Бірақ осылай ескермегендер басқаларға вирус жұқтыруы әбден мүмкін.

– Қарапайым түрде түсіндірсек, ыстық суға күйіп қалсаңыз, тағамнан уланып,



ішініз ауырса, бірден жедел жәрдем қызметіне хабарласасыз. Ал, корона-вирус жұқтырсаңыз, мұндай белгілері бірден білінбейді, алғашында жағдай жеңіл-желпі өтеді. Медицинада мұны «инкубациялық кезең» деп атайды. Өзінде сырқат белгісі болмағанымен, науқас «вирус тасымалдаушы» қызметін атқарады. Ауру алғашында ауыр түрде келмегендіктен, дерттің зардабын бірден түсінбейді. Күз мезгілінде індет өршуі мүмкін, тіпті жағдай бұдан да ауыр болуы ықтимал. Сондықтан сақтану жолдарын күшейту қажет. Ауыру, ауырмау әр адамның өз қолында, – деді ол.

Амангелді Нұртөреұлы жуырда вокзалға барғанын, кіреберісте мамандар маскасы барын тексеріп, температурасын өлшеп әрі залда арақашықтық сақталу үшін үш орындықтың біріне ғана отыруға рұқсат бергенін, қоғамдық орында мұндай талаптың сақталуы ұнағанын, бақылаусыз-ақ әр адам вирустан қорғану керегін ерекше атап өтті. Сөз соңында күрделі мезетте бар күш-жігерін жұмсап, адам саулығын бірінші орынға қойған медицина қызметкерлерін мерекемен құттықтады. Кәсіби маманнан асып не айтуға болады?! «Аурудан сақтану – әркімнің өз қолында».



ПАРТИЯ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫС ХАТЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Кеше «Biz Birgemiz» республикалық акциясына белсенді қатысқан еріктілер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Олардың арасында түрлі саланың мамандары бар деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аталған акция аясында өңір бойынша 12 мыңнан астам көмекке мұқтаж отбасыға 130 млн теңгеге жуық қаражатқа азық-түлік көмегі берілген.

Облыс әкімі «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова карантин режимінде тұрғындарға, соның ішінде халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарына Үкімет пен «Nur Otan» партиясы тарапынан да, жергілікті атқарушы органдар мен жеке азаматтардан да көптеген қолдаулар ұйымдастырылып, әлеуметтік көмектер көрсетілгенін айтты.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы тарапынан «Biz Birgemiz» қоры арқылы

Қызылорда қаласының 14109 тұрғынына сәуір – мамыр айларында 1-ші және 2-ші толқынмен 50 мың теңге көлемінде барлығы 705 млн 450 мың теңгеге бір жолғы қаржылай қолдау көрсетілді. Мұндай көмек маусым айында 3-ші толқынмен Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиели, Жанақорған аудандары мен Байқоңыр қаласының 6491 тұрғынына берілді. Ал, шілде айындағы 4-ші толқынды Сырдария және Жалағаш аудандарының 3430 тұрғыны аталған көмекпен қамтылатын болады», – деді «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова.

«СБ» ақпарат

Газетіміздің өткен нөмірінде Германия Федеративтік Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Тило Клинердің Арал ауданына сапары жайында жазған едік. Облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов пен бірқатар басқарма басшылары қатысқан шарада «Көкарал» бөгетінен оңтүстік Арал теңізіне балық өткізбейтін құрылғы таныстырылған.

Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

ҚҰРЫЛҒЫ БАЛЫҚТЫ ҚҰРДЫМҒА ЖІБЕРМЕЙДІ

Мамандардың айтуынша, «Көкарал» су бөгетінен жылына 4 мың тонна ірі балық пен 1 мың тонна майда балық оңтүстік Арал теңізіне өтеді. Кіші Аралдан бұл жаққа өткен балықтың болашағы жоқ. Бөгетке орнатылған жаңа құрылғы осы шығынның алдын алып, балықты үркітеді. Құрылғы «Солтүстік Арал өңірінің балық қорларын сақтау және дамыту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жобасы шеңберінде халықаралық ынтымақтастық жөніндегі герман қоғамы арқылы іске қосылды.

Бөгетке дейінгі су үстінде 15 дана қалқымалы құрал тұр. Төменге тасталған зәкір олардың тапжылмауын қамтамасыз етеді. Ал мұнда орнатылған гидро-акустикалық жүйе АҚШ өндірісінен алынған. Жоба құны – 155 377 000 теңге. Құрылғыны дайындап, орнату жұмысына «Геотерм» өндірістік компаниясы» ЖШС атсалысты. Десе де, бұл құрылғы тек тәжірибе жүзінде іске қосылды.

– Байқап отырсаңыз, 11 метр сайын қалқыма тірек тұр. Оған дыбыс шығару құрылғысы орнатылған. Дыбысты өзіміз таңдаймыз. Қолда бар дауыстың ішінен балыққа ең жағымсыз әсер беретінін анықтап, соны қолданамыз. Дыбыстың қатты әсер ету радиусы 6 метр, бірақ 15 метрге дейін естіле береді. Осы құрылғыны орнатқаннан кейін екі күн тәжірибе жасадық. Алғашқы күні құрылғыны қоспай, айналасына ау құрған едік. Нәтижесінде 100 келі, 11 түрлі балық түсті. Екінші күні құрылғыны қосып, айналасына ау құрдық. Ол кезде 12 келі, 4 түрлі балық түсті. Бұл – сынамаңның басы ғана. Алда әлі маусымдық кезеңдерде тексеріп, құрылғының қаншалықты тиімді екенін дәлелдейміз, – дейді балық шаруашылығы ғылыми өндірістік орталығы Арал филиалының директоры Тынысбек Баракбаев.

«Көкарал» су бөгеті 2006 жылы салынды. Сол жылдары оңтүстік бөлікке өткен балықтардың жаппай қырылуы талайдың жанына батты. Жергілікті халық жынып-теріп, айдынды өлген балықтан тазартатын. «Көкарал» бөгеті салынған сәттерде де көпірдің үсті балық сатқан нөпірге толы еді. Бертін келе бұл мәселені шешу жолдарын жан-жақты қарастырған жұртшылық арналы Ақбастыға қарай бұруды да ұсынды. Ол жұмыс әлі де жалғасып жатыр. Ал мына балық үркіту құрылғысы әзірге бұл мақсаттағы жұмыстың алғашқы жемісі болып тұр.

Құрылғыны қосу-ажырату бір адамға ғана жүктелген. Оған айтқандай, күш те керек емес. Кішкене тетік арқылы жұмыс істейді. Мамандардың айтуынша, балықты үркітетін бұл әдіс шетелдерде кеңінен қолданылатын көрінеді.

Арал ауданы

Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың халықпен есептік кездесуі ағымдағы жылдың 24 маусымына ауыстырылды

Кездесу жергілікті уақытпен сағат 13.30-да online режимінде өтеді. Алдын ала есептік кездесу бағдарламасы келесідей:

- сағат 13.30-дан 15.00-ге дейін – Министрдің баяндамасы және Орталық коммуникациялар қызметі мен Министрліктің Facebook және YouTube ресми парақшаларында трансляция арқылы азаматтар мен БАҚ мәселелеріне арналған «шұғыл» желінің жұмысы;
- сағат 15.00-ден 16.00-ге дейін – «Хабар 24» т/к брифинг және трансляция.

Анықтама үшін телефон: 8 (7172) 74 98 97, 8 701 701 01 34.

21 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘКЕЛЕР КҮНІ

ӘКЕГЕ ҚАРАП ӨСКЕН ҰЛ

21 – маусым халықаралық әкелер күні әлемнің 52 елінде атап өтіледі. Мақсат – отбасындағы әке рөлін нығайту, рухани дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды қайта жандандыру, үлгілі әкелерді насихаттау.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Жалағаштық Жасұлан Еспенбет – бес баланың әкесі. Көпбалалы әке аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы. Жары Эльмира Исмайловамен 2008 жылы шаңырақ көтерген. Отбасының үлкені 11-де болса, кішісі 2 жаста.

Қамқор әке бала тәрбиесіне ерекше мән береді. Қарбаласқа толы тіршіліктен қолы қалт етсе, уақытын балаларына арнайды. Үш қызын бір үйіріне апарды. Сабағын қадағалайды. Олардың жетістікке жетуіне жағдай жасайды. «Отбасының беріктігі, тәрбиенің мықты болуы әкеге байланысты» дейтін отағасы жанұясынан жылуын аямайды. Балаларының қатарынан қалмағанын қалайды. Қоғамдық ортасында өздерін емін-еркін ұстауына мән береді. Болашағына алаңдайды. Перзенттерінің білімді, тәрбиелі болуы үшін енбектеніп келеді.



Отбасында әкенің жүгі салмақты. Тәрбиенен бөлек әлеуметтік жағынан қамту бар. Кейбір әкелер «балаларымды материалдық тұрғыда қамтамасыз етсем болды» деп ойлайды. Басты қағида – бала тәрбиесін естен шығарып жатады. Жасұланның ұстанымы бөлек.

– Әкенің жетістігін үлгілі отбасынан көруге болады. Өзім көпбалалы отбасынан шықтым. Алты баланың бесіншісі болдым. Ата-анам – қарапайым еңбек адамы. Бізді оқытып, аяқтандыру үшін күндіз-түні енбек етті. Анамыз «әке» деген сөздің қадірін санамызға құйып

өсірді. Әкем бір-ақ рет айтатын. Жүзі суық болғанымен, жүрегі жұмсақ жан. Істің дұрыс-бұрыстығын қабағымен ұғындыратын. Бауырмал болуға үйретті. Бәрімізді бір-бір саланың маманы етіп, өз арбамызды өзіміз сүйреп кетуге жағдай жасады. Мен де асыл қасиеттерді балаларыма сіңіруге тырысып келемін. «Әкеге қарап ұл өсер» деп бекер айтылмаған, – дейді Жасұлан Еспенбет.

Көпбалалы отағасы отбасында қазақы салт-дәстүрді берік ұстанып, балаларына ұлттық құндылықтар жайында айтады. Мәдениетін, тарихын терең білсін деген ниетпен

жіні кітап сатып алады. Бала тәрбиесінде жарына да қояр талабы қатаң. Себебі, «Не ексең, соны орасың» деген.

– Біздің балалық шағымыз қиын кезеңмен тұспа-тұс келді. Бірақ әкеміз жоқшылықты жанымызға батырған жоқ. Оған қолғабыс еттік. Ал, қазір ше? Жағдай жасалған. Бәрі бар. Бірақ, әкеден именбейтін бала көп, отбасында әкенің рөлі әлсіреген. Мұндай мысалдарды кездестіріп жүрміз. Бұдан шығар қорытынды – шаңырағы шайқалған отбасы көбеюде.

Былтыр облыстық Жастар ресурстық орталығы» жанынан «Әкелер кеңесі» құрылған болатын. Бұл жайында үйлестірушісі Ерлан Сипанов айтып берді.

– Біздің мақсат – отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу. «Әкелер кеңесінің» алғашқы отырысы қоғам белсенділерінің қатысуымен өтті. Онда алдағы жұмыс жоспары талқыланды. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты «Әкелер кеңесі» жұмысы уақытша тоқтаған болатын. Быыл маусым айынан бастап кеңес жұмысы қайта жанданды. Үлгілі әкелер орталықтың жаңа жобасына қатысып жатыр. Алда әлі ауқымды шаралар бар, – деді Ерлан.

«Әкелер кеңесі» алдағы уақытта өз жемісін береді деген сенімдеміз. Ал, көпбалалы әке Жасұлан Еспенбет секілді азаматтар қоғам үшін қашанда үлгі болмақ.

ЕСКЕРТУ ЕЛЕНБЕСЕ...

Облыс прокурорының өкімімен жергілікті атқарушы және өкілетті орган басшыларынан мониторингтік топ құрылғаны белгілі. Одан бөлек, қала, аудан әкімдіктерінің дәл осындай 32 тобы жұмыс істеуде.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Мұндағы негізгі міндет – карантин уақытында базарлар мен қоғамдық тамақтану орындары, дүкендер және тағы басқа қызмет көрсету орталықтарында санитарлық талаптың сақталуын бақылау. Осы мақсатта облыстық бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Ә.Әбдіқайымова мен қала әкімінің орынбасары Б.Нұридинов бастаған арнайы топ «Айтбек» және «Отырар» сауда орталықтарында болып, белгіленген талаптардың орындалуын тексерді.

Аталған сауда орталықтарының кіреберісінде күзетшілер келушілердің дене кызуын өлшеп тұр. Мұнда тек бетперде таққандар ғана кіргізіледі. Ал ғимарат ішіндегі сатушылардың барлығының маскасы болғанымен, кейбіріннің қолғаптары жоқ. Қала әкімінің орынбасары кейбір сатушыларға ескерту жасап өтті.



Сондай-ақ, «Отырар» сауда үйінің төменгі қабатында желдету жүйесі жоқ екендігі де айтылды. Аталған сауда үйінің басшылығы кемшіліктерді жоюының, ол үшін екі күнге төменгі қабатын уақытша жабатынын жеткізді.

– 11 маусымда облыс прокурорының арнайы өкімі

шықты. Соған сәйкес аймақ бойынша жергілікті атқарушы орган өкілдерінен мониторингтік топ құрылған. Олар рұқсат етілген қызмет көрсету орындарының санитарлық талапты қалай сақтайтынын қадағалап келеді. Халық денсаулығына бейжай қарамаймыз, бұл түсіндірме жұмыстары бар-

лық жерде де тоқтамайды. Ал белгіленген талап орындалмаған жағдайда алдымен ескерту беріледі, егер оны елемегендер болса, әкімшілік шара көрілетін болады, – дейді облыстың бас санитар дәрігері Ә.Әбдіқайымова.

Бүгінге дейін аймақта 7920 нысан тексерілген. Оның 4566-на ескерту парағы беріліпті. Өйткені, арақашықтық сақтамау, қызметкерлердің бетпердесіз жүруі, қолғапсыз қызмет көрсету, дезинфекциялық құралдардың пайдаланбауы әлі де кездесіп отыр. 10 нысанға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған.

– Тексерілген орталықтың жұмысына біршама ескертулер айтылды. Сауда нысанын екі сағат сайын дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу керек. Өйткені, дертке шалдығушылар саны артып отыр. Тұтанушылар да бетпердемен келіп, кейбір заттарды арнайы қаптамамен алу керек. Сатушылар да үнемі маска мен қолғапты тастамауы тиіс, – дейді қала әкімінің орынбасары Б.Нұридинов.

21 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

Саулық күзетіндегі қырағы қызмет

Соңғы кезде мамандар тапшылығы елді мекендермен қатар облыс орталығында орналасқан көпсалалы мамандандырылған медицина ұйымдарында орын алып отыр. Мамандық бойынша жіктегенде, негізінен 47 аймақтық дәрігер, 26 анестезиолог-реаниматолог, 8 неонатолог, 8 психиатр, 5 фтизиатр, 5 балалар хирургі жетіспейді. Десе де, облыс әкімінің қолдауымен өңірде маман тапшылығын азайту мақсатында біршама жұмыстар атқарылуда. Осы орайда облысымыз әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру бойынша республикада алдыңғы қатарда екендігін атап өткен жөн.

Қолданыстағы жергілікті мәслихат шешімімен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекеге санаттарының тізбесін айқындау» қағидаларына өзгерістер енгізіліп, 2016 жылдан бастап медицина мамандықтары бойынша облыс әкімінің гранты тағайындалып, 62 резидент 8 жоғары медициналық білім беру орнында оқуларын жалғастыруда. Биыл олардың 15-сі бітіріп келеді. Бұдан бөлек, облыс әкімінің тікелей қолдауымен Ақтөбе мемлекеттік медицина университетінде 2018 жылы 30, 2019 жылы 40 жалпы тәжірибелік дәрігерді даярлауға облыстық бюджеттен қаражат бөлінді. Бұл шаралар өз кезегінде саланың дәрігерлермен қамтамасыз етілуіне оң септігін тигізетін болады.

Ал былтыр аймақтың медициналық ұйымдарына 95 жас маман жұмысқа қабылданып, олардың 43-і (4,3 процент) ауылдық елді мекендерге жолданып, (2018 жылы 130, 68-і немесе 52,3 проценті елді мекендерге) жұмыс атқаруда. Жас мамандардың бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Коронавирус инфекциясы бойынша қолайсыз елдерден келген барлық адамдарға күшейтілген бақылау жүргізіліп, күнделікті мониторинг жұмыстары жасалуда. Олар бекітілген алгоритмге сәйкес шұғыл медициналық бақылауға алынады. Ауру тіркелген жағдайда қарым-қатынаста болған адамдар шеңбері шұғыл анықталады.

Байқоңыр қаласында 2018 жылдың мамыр айында ашылған қазақстандық көпбейінді қалалық ауруханада дәрігерлер тапшылығы орын алған. Облыс әкімінің тапсырмасымен салынған әлеуметтік сала қызметкерлеріне арналған 5 көпқабатты тұрғын үйден 12 пәтер дәрігерлерге бөлінді. Нәтижесінде 9 дәрігер сырттан келіп, тұрақталды. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексында жергілікті атқарушы органдардың құзырына жергілікті бюджет қаражаты есебінен елді мекендерге жолданған медицина және фармацевтикалық қызметкерлерге әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қарастырылған. Осы орайда орын алған дәрігерлер тапшылығын ескере отырып, мәселе облыстық мәслихаттың кезекті отырысында қаралып, өңірге аса қажетті мамандықтар бойынша көтерме жәрдемақы бөлу үшін жергілікті бюджеттен биылға тиісті қаржы қарастырылды. Өңірге мамандарды тарту және тұрақтандыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табатын болады. Бұл өз кезегінде, саланың білікті кадрларымен қамтамасыз етілуіне ықпал етіп, сәйкесінше халыққа көрсетілетін медициналық қызмет сапасы мен қолжетімділігі жақсартатын болады. Медицина саласына келіп жатқан жастар көп деп айта аламын. Ал оларды ауылдық жерлерге көптеп тарту бағытында мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыс та, көрсетіліп жатқан көмек те аз емес.

Жалпы денсаулық сақтау саласы асқан жауапкершілікті талап ететін сала десек, дәрігер – сол жауапты арқалаған адам өмірінің арашашысы. Осы ретте, бүгінгідей әлемді жайлаған індетпен күресуде мамандарымыздың еңбегін ерекше атап өткім келеді.

Барша әріптестерімді келе жатқан «Медицина қызметкерлері күні» мерекесімен құттықтаймын! Халық денсаулығын ойлап, күні-түні қызмет етіп жүрген әріптестерімнің еңбегіне ризашылығымды білдіремін. Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз әрдайым нәтижелі, мерейлеріңіз үстем болсын!

Жаксылык ӘБДУСАМЕТОВ,
1-бет. **облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы**



Облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын қадағалайды. Оған қоса дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау мәселелері бойынша реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік орган. Құрылғанына бір жылдан аса уақыт болған бұл мекемеде бірнеше жылдық тәжірибесі бар фармацевтер, санитарлық және эпидемиолог дәрігерлер, гигиенист мамандар абыройлы қызмет атқаруда. Департамент мамандарының ерекше еңбегі қазіргі күрделі ахуал – коронавирус инфекциясымен күресте айрықша көрінді.

Облыс аумағында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Коронавирус инфекциясы бойынша қолайсыз елдерден келген барлық адамдарға күшейтілген бақылау жүргізіліп, күнделікті мониторинг жұмыстары жасалуда. Олар бекітілген алгоритмге сәйкес шұғыл медициналық бақылауға алынады. Ауру тіркелген жағдайда қарым-қатынаста болған адамдар шеңбері шұғыл анықталады.



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен облыс басшылығы ел тұрғындарының денсаулығын қорғауға қосқан зор үлесі үшін облыстың бір топ медицина қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің алғыс хатын табыс етті. Марапатталғандардың арасында №1 қалалық емхана бас дәрігерінің орынбасары Гүлнар Сұлтангереева да бар.

Аймақта індетпен алғашқы науқас тіркелген кездегі жағдай Гүлнар Әбжәлиқызының есінде.

– Әрине, ол кезде қорқыныш болды. Бірақ біздің басты парызымыз – халықтың денсаулығын сақтау. Сондықтан ең алдымен өзімізді қолға алдық. Сол күннен бастап дәрігерлердің өмірі біршама өзгерді десем болады. Біріншіден, ішкі бұйрық шығарылды, оған сәйкес инфекциясы бар науқастармен жұмыс жасайтын топ құрылып,

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді» деп атап айтылған болатын. Тұрғындар саулығын сақтауда ең алдымен олардың қауіпсіздігіне назар аударудың маңызы зор.

КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢНЕН ШЫҢДАЛЫП ШЫҒАМЫЗ

Департаменттің аумақтық басқармалары тарапынан бірнеше эпидбригада құрылған. Олар инфекция анықталған кезде жеке қорғаныш киімдерін киіп, ауру ошағына барады. Күн-түнге қарамай, қызметтерін атқаруда. Себебі бекітілген алгоритмге сәйкес, 24 сағат ішінде аурудың жұғу жолын, қарым-қатынаста болғандар, індеттің алдын алу, таралуын болдырмау бойынша эпидемиологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуі керек. Қызмет барысында қиындықтар да кездеседі. Атап айтқанда, кей азаматтар мониторинг жүргізуге қажетті сауалнамаларды дұрыс толтырмайды, онда көрсетілген сауалдарға толық жауап бермейді. Қолайсыз аумақтардан келгенін жасыратын азаматтар да жоқ емес. Бұл өз кезегінде ауру ошағында дер кезінде атқарылуы тиіс шаралардың орындалуына кедергі келтіреді.

Өңірімізде коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты аурудың әрі қарай өршуіне жол бермей, шоғырландыру, тоқтату мақсатында облыстың, қала, аудандардың бас санитариялық дәрігерлерінің қаулыларымен карантиндік режимдегі шектеу шаралары қабылданды. Олардың орындалуын мониторингтеу мақсатында біздің мамандарымыз әкімдік тарапынан арнайы құрылған жедел штаб құрамында карантиндік режим талаптарының сақталуын күн сайын рейдтерге шығып, бақылауда. Түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескертулер мен хаттамалар толтырылуда. Бұдан бөлек, мамандарымыз дәріханалық ұйымдардағы жеке қорғаныш құралдарының бар-жоғына күн сайын мониторинг жүргізеді. Халық сұранысын қана-

ғаттандыру мақсатында жеке қорғаныш құралдарының бағасын реттеу бойынша жергілікті атқарушы органдармен, жергілікті фармацевтикалық қызмет көрсетуші ұйымдармен, кәсіпкерлермен бірлесіп жұмыстар жасалды.

Пандемия санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің айрықша рөлін көрсетті. Мамандар жетіспеушілігі де сезілді. Мәселеге мемлекеттік деңгейде мән беріліп, алдағы уақытта саланы реформалау жоспарлануда. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев санитариялық-эпидемиологиялық қызметті күшейту, жаңа комитет құру, бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің мәртебесі мен беделін арттыру қажеттілігін атап өтті. Бұл дер кезінде қабылданған шешім деп ойлаймын.

Департаменттің тағы маңызды бағыттарының бірі ол – медициналық көрсетілетін қызметтерді бақылау, яғни денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың, медициналық қызметпен айналысу жөніндегі лицензиялау ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Халық арасында пациенттің құқықтары мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырумен, ана мен бала өлімін, науқастардың өлім жағдайларына тәуелсіз сарапшылар тарта отырып, медициналық тексерістер жүргізеді. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына шағымданған азаматтардың арыз-өтініштері бойынша қадағалау жұмыстарын жүргізіп, бірқатар арыз-шағымдар шешім табуда.

Маңызы кем емес бағыттардың тағы бірі – фармацевтика. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін фармацевтикалық қызметті бақылау, фармацевтикалық инспекторат бөлімдері қызмет атқарады. Дәрілік заттар

мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында, сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауда заңнамаларға сәйкес фармацевтикалық қызметке лицензия беру, лицензияларды және лицензияға қосымшаларды қайта ресімдеуді жүзеге асырады.

Осындай жедел жұмыстардың арқасында ауру ерте анықталып, барлығы толық және уақытылы ем алуға. Бұл тұрғыда COVID-19 індетінің алдын алу және таралу қаупін бәсеңдету мақсатында күрестің алғы шебінде жүрген біздің мамандарымыздың үлесі зор.

Індеттің қаупі әлі де сейілген жоқ. Халық сақтық шараларына салғырттық танытып, тиісті органдар талаптарына, кестелеріне құлақ аспауы облыста эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне себеп болып отыр. Сондықтан әрбір тұрғын мамандар кәсіпін құлақ асып, карантин талаптарын орындаса, инфекцияның да таралуын тез тоқтатуға болады. Жауапкершілік – ортақ, қауіпсіздік те – ортақ.

Өңірімізде осы індетпен күн-түн демей күресіп, қиындыққа, қауіп-қатерге қарамастан, кәсіби борышын абыроймен атқарып жатқан барлық медицина саласының қызметкерлеріне алғыс айтқым келеді. Бүгінгідей сын сағатта аянбай еңбек ету арқылы ғана елді қауіпті індеттен сақтап қалуға болады. Дәрігерлердің шұғыл әркеті мен ізденістерінің нәтижесі қазір халыққа үлкен үміт сыйлап отыр. Ел үмігі ақталады деп сенемін.

Галия БАЙМенова,
облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы

ЕРКІНСУТЕ ӘЛІ ЕРТЕ

Елімізде төтенше жағдай жарияланғаннан бері дәрігерлер мен медбикелер, өзге де барлық медицина қызметкерлері коронавирустық инфекциямен күресте алдыңғы шепте жүріп жұмыс жасауда. Сәт сайын өршіген қауіпті індет дәрігерлер қауымының отбасынан жырақта болып, күн-түн демей жұмыста жүрте, тыныштық пен ұйқыны ұмытуға мәжбүр етті. Дегенмен, науқас жандарды емдеу үшін басын қатерге тіккен барша дәрігерлердің ерлігі бүгінде мемлекет тарапынан лайықты бағаланауда.

Сb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

фильтр-шкаф, санитарлық ағартуға жауапты қызметкерлер анықталды. Ғимаратта маска, дезинфекция режимі сақталып, әр пациент фильтр-шкафтан өтіп, олардың температура, пульс және тыныс алу жиілігі өлшенді. Жұмыс қарқынды бірнеше есеге ұлғайды. Пациенттермен тікелей жұмыс жасайтын барлық дәрігерлер ауруға қарсы костюм, медициналық қолғап, маска, респиратор, көзілдіріктермен және басқа да қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілді. Соның арқасында дәрігерлер мен медициналық қызметкерлер арасында ауру жұқтырғандар болған жоқ, – дейді ол.

Карантин уақытында дәрігер, медбике және жүргізушіден тұратын үш команда байланыс тобындағы адамдармен жұмыс жасауда. Мұнай компанияларының өкілдері, өзге қаладан келген студенттерден ПТР-анализдер алып, инфекция ошақтарында жұмыс жасады. Оған қоса COVID-19 тасымалдаушыларын бақылады. Сондай-ақ, диспансерлік есепте тұратын

550 адамға профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, жоспарлы емге дайындалатын пациенттер мен медициналық мекеме қызметкерлері де сынақтан өтті.

– Өзге мекемелер секілді карантин кезінде дәрігерлер қашықтан жұмыс әдісіне көшті. Әр бөлімде тек бір дәрігер мен медбике қалды. Ал жергілікті дәрігерлер кезекшілікте болды. Температурасы, жедел респираторлы вирустық инфекцияның белгілері бар пациенттерге арнайы шұғыл көмек тобы шығып, COVID-19 сынақтарын өткізді. Жұмыс қызу өтті, бірақ бірде-бір дәрігер шағымданбады. Үздіксіз жұмыс жасай отырып, үйде қалуға шешім қабылдады. Біз бәрине игі жұмыстары үшін ризамыз, – дейді Г.Сұлтангереева.

Соңғы күндері еліміздің бірқатар өңірлерінде эпидемиологиялық жағдай күрделеніп, ауру көрсеткіші артуда. Осыған орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес қосымша шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылданды. Бұл тұрғыда да дәрігер өз ойын білдірді.

– Төтенше жағдай режимі

алынып тасталғанмен, жағдай толық тұрақталмады. Сондықтан облыс тұрғындарына еркінсуге әлі ерте екенін айтқым келеді. Керісінше, күннен-күнге симптомдық белгілері байқалмайтын көптеген науқастар тіркелуде. Мысалы, екі жүкті әйел мен екі балада COVID-19 анықталды. Олардың барлығы адамдармен байланыста болған. Айта кету керек, дәрігерлер өзін оқшаулау мүмкіндігі жоқ адамдарға жағдай жасайды. Олар үшін карантиндік ауруханада, облыстық туберкулезге қарсы диспансерде төсектер ұйымдастырылды. Мұнда азаматтар мамандардың бақылауында болып, 10 күннен кейін қайта тексеруден өтеді, – дейді дәрігер.

Осындай жанкештілікпен жұмыс жасап жатқан мамандарға кәсіпкерлер тарапынан қаржылай қолдау көрсетілген. Мәселен, ауру ошағында немесе коронавирустық науқастармен тікелей жұмыс істеген дәрігерлер, уақселік медбикелер мен эпидемиолог көмекшісінен қоса алғанда 10 медицина қызметкерінің әрқайсысына 100 мың теңгеден берілді. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан да ауыр еңбектері үшін сыйақы төленді. Суаір айында 4 дәрігер, 5 медбике, 3 жүргізуші, 2 медбикеден тұратын жедел бригада қызметкерлері бонустық төлем алды.

– Әрине, мұндай жағдайда жұмыс жасау оңай емес, адамдардың өмірі бізге байланысты. Дегенмен, тұрғындар да сақтық шараларын ұстанса екен, – дейді ақ халатты абзал жан.

Бүгінде дәрігерлерге артылған жүктің салмағы ауыр. Сондықтан өзгенің өмірін сақтау үшін, өзінің өмірін қатерге тіккен олардың табанды жұмысы барлық құрметке лайық.



Адам өмірі қат-қабат, қым-қуыт оқиғаларға толы. Өмір соқпағында талай асулардан өтіп, белестерді бағындыру, бұраланы көп сұрлеулерде адаспай өз жолыңды табу – адам баласы үшін басты құндылық. Осы құндылыққа жетуде әркім өзінше әрекет етеді. Бірі адалдықты ту етіп, шығар биік, көздеген мақсатына сол туды жықпай жетсе, енді бірі басқа жолмен жетуді жөн көреді. Өзінің өмір жолында адалдықтың ақ туын биік ұстап, еңбекте де, ортасында да абыройға бөленген сондай жаңдардың бірі – өмірде де, қызметте де қатар жүрген ерлі-зайыпты дәрігерлер Әлімхан мен Вера Баубековтер.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ҚОСЫЛҒАН ҚОС ӨЗЕН СЕКІЛДЕНІП...



Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Сондай алдымен Алладан, онан кейін ақ желенділерден дертімізге дауа сұрайтынымыз анық. Талай жанды сырқатынан сауықтырып, дертіне дауа дарытып, елдің алғысына бөленген абзал жандар – қашан да ел абыройы. Бүгінде сексеннің сенгіріне жеткен қос дәрігер өздерінің ақ адал еңбегі мен кең пейілі, жылылыққа толы үлкен жүрегімен талай жанның алғысын арқалап, ризашылығына бөленіп келеді.

Әлімхан Баубеков 1940 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. 1958 жылы Түркістан қаласындағы медициналық училищенің фельдшер факультетін бітірген жас маман еңбек жолын Жаңақорған ауданына қарасты 1-Май елді мекенінде бастайды. Үш жылға жуық Қыраш, 26-разъезд ауылдарында дәрігер болып еңбек етті. Ол кездегі жағдай белгілі, қазіргідей даңғырап жатқан тақтайдай жол жоқ, ауыл арасына қатынайтын көлік те санаулы. Сол жылдары Әлімхан аға Аққұм, Ленин колхоздары мен 26-27 разъезд малшыларына атпен қатынап жүріп, медициналық көмек көрсетті. Жүрек қалауымен таңдаған мамандығының қырсырына қанығып, саланы жетік меңгеруді мақсат тұтқан ол 1961 жылы Ақтөбе қаласындағы медициналық институтқа түсіп, оны 1967 жылы бітіріп шығады. Өмірлік жары, отбасының ұйытқысы, ұл-қыздарының анасы, өзінің сүйеу болар қосағы Вера апаны да сол өңірден кездестірді. Екеуі бір саланың маманы еді.

Әлімхан аға Бірлік ауылдық ауруханасында 40 жылдан астам қажырлы еңбек етсе, соның басым бөлігінде басшылық қызмет атқарды. Сол жылдарда майталман маман талайдың дертіне дауа іздеп, білімі мен білігін, өмірлік тәжірибесін, күш-жігерін аянбай жұмсады. Атақ, қызмет қуып қала жағалап кетпей, туған топырақты түлетуге, төл мекеннің денсаулық сақтау саласының дамуына халқадірініше үлес қосты. Дәрігерлік міндетін мүлтіксіз атқару, мамандығының қырсырын меңгеру, сапалы қызмет көрсету мақсатында үздіксіз білімін жетілдіріп отырды. Осы мақсатта Алматы, Ақтөбе, Павлодар, Ресейдің Пенза қалаларында біліктілігін көтеру курстарынан өтті.

Ал Вера Хабиқызы 1969 жылы Бірлік ауылының учаскелік дәрігер-педиатры, терапевт-акушер және гинеколог міндетін атқарып, ана мен бала саулығын сақтауға зор еңбек сіңірді. Талай баланың жарық дүниеге аман-есен келуіне себепкер болды. 30 жыл қызмет жасап, денсаулық сақтау саласының ардагері атанды. Әлімхан аға мен Вера апа – ортасында, ұжымда өздерінің кеңпейілділігімен, асыл адами қасиеттерімен сый-құрметке бөленген жандар. Әлімхан аға өзінен кейінгі жас мамандарға ақыл-кеңесін айтып, бай тәжірибесімен бөлісуден жалыққан емес. Әсіресе, соңынан ерген шәкірттеріне мейлінше жағдай жасап, көмек көрсетуге, білімін ұштауға құлшынып тұрады. Сондай-ақ, қарт дәрігер тұрғындарға денсаулық жақында насихат айтудан жалыққан емес.

Еліміз ерінің лайықты еңбегін қашан да елеусіз қалдырмаған. Әлімхан мен Вера Баубековтердің де өнегелі еңбегі, абыройлы қызметі өз бағасын алды да. Оған көптеген марапаты куә. Аудандық, облыстық денсаулық сақтау бөлімдерінен және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінен алған алғыс хаттары – жасаған қызмет, төккен терің өтеуіндей. Бірақ Әлімхан аға үшін ең үлкен марапат – халықтың алғысы мен ықыласы. «Жауымен жер көгерер, батамен ер көгерер» демеі ме дана халқымыз. Халықтың берген батасы мен алғаусыз ақ тілегінің шарапаты шығар, Әлімхан аға мен Вера апа – бүгінде өнегелі отбасының тірегі, алтын қазығы, саялы бөйтерегі. Құдайдың берген бес баласын тәрбиелеп өсіріп, ұлын – ұяға, қызын қияға қондырған асыл әке, ардақты ана, немере-шөберелерінің сүйікті ата-әжесі атанған бақытты жандар. Отбасында кенже қызы ата-ана жолын қуып, дәрігерлік мамандықты меңгерсе, қалғаны ұстаздық жолын таңдапты. Бүгінде сексеннің сенгіріне шыққан қос қарияның ермегі – немере-шөберелері. Үнемі жылт еткен жаңалыққа құлақ тігіп отыратын Әлімхан ақсақал елдің есін алған қазіргі індет жайлы да күнделікті хабардар. Қарт дәрігердің бар тілегі – халықтың аман-саулығы.

Ақ халаттыларға мың алғыс!

Әлемді дүрліктірген жағдай біздің елге де оңай соққан жоқ. Күнделікті ақпараттарды қалт жібермей қарап отырамыз. Қауіпті індет қарапайым халықтан белек, билік басында жүрген белгілі адамдарды да айналып өтпеді. Сондықтан тұрғындар сақтық шараларына өте мұқият болуы керек. Қытайдан келген пандемиядан қазіргі күні әлемде 8 миллионнан астам адам зарлап шегіп, қайтыс болғандар саны 450 мыңнан асты. 4 миллиондай адам емделіп, жазылған. Ал елімізде 20 мыңнан астам адам зарлап шеккен. Дәрігерлердің айтуынша, вирус тыныс алу жолын зақымдап, дене қызуы көтеріледі. Әсіресе, егде адамдар мен созылмалы ауруы бар адамдарға бұл дерттің салдары ауыр болуы мүмкін екенін ескертеді.

Біз – ардагерлер, үйде

елдің амандығын тілеп отырамыз. Қоғамдық орындарға баруға әзірге болмайды. Әйтсе де, халық үшін ұйымдастырылып жатқан онлайн түріндегі мәдени шараларды, жергілікті басылымдар мен телехабарларды көріп, көңіліміз көтеріліп қалады. Осындай жауапты кезеңде күні-түні үздіксіз қызмет жасап жатқан дәрігерлердің еңбегі ерекше. Олардың да қауіпті індетке шалдығып қалғандары қаншама?! Сонда да антына адал қызмет етіп жүрген абзал жандарға алғыс айтамыз. Елдің қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті қадалауда уақытпен санаспай, халыққа сапалы қызмет көрсетіп жүрген полиция қызметкерлерінің еңбегі де елдің көңілінен шықты.

Арапбек ӘБИЕВ,
Социалистік Еңбек Ері

Дәрігерлер қандай құрметке де лайық

Аса қатерлі әрі жұқпалы дерт адамзат үшін үлкен сынақ болды. Коронавирустың босып талайға тиді. Соның мәліметке қарасақ, әлемде ауру жұқтырғандар саны 8 млн-нан асты. Ал 447 мыңдай адам көз жұмды. Экономиканың тұралағанын айтағанда, осыныша адамның өлімі – үлкен қасірет, орны толмайтын қайғы, жүрекке салмақ түсіретін оқиға!

Иә, дүние жүзін дүрліктірген дерт көп дүниеге көзқарасымызды өзгертті. Көп нәрсенің қалірін ұқтырды. Соның ішінде коронавируспен күрестің алғы шебіндегі дәрігерлерге құрметімізді еселей түсті. Олардың атына орынды да, орынсыз да талай сын айтылып келген еді. Бірақ адам жанының Алладан кейінгі арашшысы саналатын ақ халаттылардың жұмысын жоққа шығаруға болмайды. Өйткені басымыз

ауырып, балтырымыз сыздағанда сол кісілердің алдына баратынымыз рас. Ал бүгінгідей ел басына қауіп төнген сәтте дәрігерлердің еңбегі ерен. Олар пандемия уақытында отбасынан жырақта тәуекелге бас тігіп, өзгенің өмірі үшін үй бетін көрмей жұмыс істеп жүр. Осы орайда Президент тапсырмасымен мамандарға үстемеақы берілуін дер кезіндегі мемлекет қолдауы деп есептеймін.

Ақ желенді абзал жандарға қандай құрмет көрсетсе де жарасады. Коронавирус әлемді әбгерге салған сын сағатта барлығымыз ол кісілердің ескертуіне құлақ асуымыз қажет. Сонда ғана індетті жеңіп, бұл қиындықтан да құтыламыз.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
жазушы-журналист
Шиепі ауданы



БАЛА САУЛЫҒЫНЫҢ БАҒБАНДАРЫ

Дәрігерлік – жауапкершілігі жоғары әрі күрделі, мәртебелі мамандық. Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Сондай алдымен Алладан, екінші, ақ халаттылардан дертімізге дауа сұрайтынымыз белгілі.

Коронавирус індеті жайлаған уақытта дәрігер қауымының жұмысы бұрынғыдан да қауырт әрі жауапты. Қауіпті дертпен күресте алдыңғы шепте жүріп, өз өмірлерін қатерге тіккен мамандар қандай құрметке де лайық. Тұрғындарды қауіпті дерттен сақтануға, сақтық шараларын орындауға шақырғанымен, ел аумағында қауіп сөйлер емес. Қайта күн сайын белең алып бара жатқанын күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарынан естіп-біліп отырмаз. Халықтың бар үміті дәрігерлерде. Бүгінде барлық ауруханалар карантин режимінде жұмыс атқарауда. Осындай жағдайға қарамастан, ақ халаттылар халық денсаулығы күзетіндегі міндеттерін мүлтіксіз орындап отыр.

«Баламның табанына кірген тікен маңдайыма қалалсын» деп, бауыр еті – ба-

ларарымыздың амандығын тілейтін халықпыз ғой. Баламыз ауырса, жанымыз қосыла шырқырайтыны белгілі.

Немерем Айзере 11 маусымда көлік апатына түсіп, аяғынан күрделі жарақат алды. Облыстық көпбейінді балалар ауруханасы дәрігерлерінің арқасында бүгінде немеремнің жағдайы жақсарып, аяғы қимылға келді. Аурухананың медицина қызметкерлері қолдарынан келген көмегін аяған жоқ, жүгіріп жүріп қызметтерін атқаруда. Осы орайда балалардың саулығы, өмірі үшін күресіп жүрген аурухана басшылығы мен ұжымына аналық алғысымды айтып, ризашылығымды білдіремін. Еңбектеріне жеміс, дендеріне саулық тілеймін.

Манат ӘБДРАЙЫМ,
Қызылорда қаласының тұрғыны

ЖҮРЕГІ ЖҮМСАҚ, ҚОЛЫ ШИПАЛЫ

Ақ халатты абзал жанға лайық міндетін абыроймен алып жүрген, кәсіби қызметіне адал, адамгершілігі мол, сөзі майда, адам талғамайтын, кішіпейіл, жүрегі жұмсақ, қолы шипалы, Қазалы аудандық орталық ауруханасы кардиология бөлімінің меңгерушісі, кардиолог-дәрігер Ләззат Жұбанова туралы айтпақпын. Ұжымды басқару, оның ауызбірлігін сақтап, емделуші науқастардың көңіл-күйін табу үлкен еңбек пен қажырды қажет етеді.

Жақында жүрек қыспасына ұшырап, аудандық орталық ауруханаға жедел жәрдем көмегімен келіп түстім. Дәрігер қабылдап, өзінің аты-жөнін, қызметін айтып, кардиология бөліміне жатқызылды. Тексерістен өткізіп, жүрекке коронарография жасау керектігін түсіндірді. «Жақсы сез жан семіртеді» деген емес пе? Ләззаттың жылы сөзі, қабағы ауруымды сейілткендей болды. Палатаға жатқызып, толық тексеруден өткізіп, коронарография жасауға рұқсат етті. Өрине, жүрекке ота жасайтын жерде облыстық медицина орталығының рентген-эндоваскулярлы хирургия бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Исмайловтың жетекшілігімен жоспарлы емдеу шаралары жүргізіліп жатыр екен. Қасында жергілікті аурухананың дәрігерлері Кеңесары Қоспаев, Аян Қазыұлы, фельдшер Қасқырбай Молдабаев, мейіркеш Әлия Сүлейменова, рентген-лаборант Ғалымжан Жайылқанов бар. Білікті дәрігерлердің арқасында ота жеңіл өтті. Бұрын да облыстық ауруханада Нұрлан Тоқтағұлұлы маған екі рет ота жасаған, білікті маман екендігін содан байқағанмын. Ота



жасағаннан кейін Ләззат ақауы бар жүректі емдей бастады.

Ол біздей қариялардың баласындай, өзінен кейінгі жастардың ақылшы анасындай болып жүреді. Биязы мінез, тұла бойындағы тектілік өзіне жарасып-ақ тұрады. Өзі ісіне тиянақты, жауапкершілігі жоғары маман расында үлкен құрметке лайық. Аурудың беті қайтып, сауыққаннан кейін Ләззат туралы етене білгім келіп, уақыт бөліп әңгімелестім. Ол – Ақтөбе қаласындағы медицина институтының

түлегі. Оқу бітіргеннен кейін туған жерінде Жетес би ауылдық емханасында учаскелік дәрігер болып жұмыс істейді. Жанадан келген жас маманға учаскелік дәрігер болып жұмыс істеу біраз қиыншылық туғызады. Қыстың аязында, желдің өтінде көше жағалап, диспансерлік есепте тұратын науқастарға көмек беру оңай шаруа емес.

Кейін аудандық емханаға кардиолог дәрігер болып ауысып, 4 ай Алматы қаласында мамандығы бойынша оқып келді. Облыстық кардиология орталығында тәжірибеден өтті. Ізденімпаздығы мен білімділігінің арқасында жанадан ашылған кардиология бөліміне басшылық жасауға аудандық аурухананың бас дәрігері Гүлжахан Нысанова сенім артты.

Аз уақыттағы еңбегі еш кетпепті. Облыс әкімінің, облыстық денсаулық сақтау басқармасының, аудан әкімінің, облыстық кәсіподақ ұйымының алғыс хаттары мен мақтау қағаздарына ие болыпты. Бұл жоғарыда айтқандай, елге жасаған еңбегінің еленгені емес пе?!

Ауруханадан шығар кезімде палатаға Аралдан келген науқас түсті. Бердібай Тілековтің жүрек тамыры бітіп қалыпты. Бір ажалдан қалды. Екі күн жаңсақтау бөлімінде емделді. Палатаға шыққан соң Ләззат дәрігерге алғыс жаудырып жатты.

Қай жұмыстың да бағасын халық береді десек, емделушілер ризашылығына бөленген дәрігер Ләззат Жұбанованың еңбегіне жеміс тілеймін.

Сердалы ШАЛБАЕВ,
КСРО Денсаулық сақтау саласының үздігі, Жаңақұрлық ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы



● Е.ӘУЕЛБЕКОВ – 90

Халқының қалаулысы

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков!
Кешегі КСРО деп аталған алып империяның тұсында қарапайым ауыл интеллигентінің отбасында дүниеге келіп, орта мектепті алтын медальмен бітіріп, Мәскеуден академиялық жоғары білім алған, 35 жылдан кейін сол Мәскеу Кремлінің төрінде отырып Одаққа төрелік айтқан тау тұлға!
Одақтық дәрежедегі танымал мемлекет және қоғам қайраткері.

Таратып айтар болсақ, 25 жасында тыңдағы совхоздың директоры, 34 жасында обком төрағасы, 35 жасында министр, 37 жасында обкомның 1-хатшысы, 43 жасында Социалистік Еңбек Ері атағын иеленіп, сол кезеңде Одақ көлеміндегі ең жас директор, ең жас төраға, ең жас министр, ең жас хатшы, ең жас Еңбек Ері атанып, Республикамыздың 2-министрінің, 4 облысын, Бүкілодақтық алғашқы кәсіби Парламенттің комитетін басқарған Еркін Нұржанұлы Әуелбеков.

КСРО-дай алпауыт империяның ең жоғары басшылық орны КОКПОК-нің мүшесі болып, сол КОКПОК-нің ең соңғы тұяқ серпер құрылтайы 19-Бүкілодақтық конференциясының (1988 ж. маусым) төралқа төрінде отырған Е.Н.Әуелбеков болатын.

Еңбек жолын 23 жасында тыңдағы шаруашылықаралық МТС-та бас агроном болып бастаған Еркін Нұржанұлы қамшының сабындай болған қысқа ғұмырында Кеңес Одағы деңгейінде атқармаған қызмет, алмаған марапат биігі қалған жоқ! Олай болса, біздер – бүгінгі ұрпақ үшін Е.Н.Әуелбеков мақтауды қажет етпейді, үлгі-өнеге тұтып, мақтаншы етер асылымыз, аяудымыз болып табылады. Еркін ағаның еліне, халқына еткен қызметі, мемлекетке, ұлтына сіңірген еңбегі жайлы мерзімді баспасөз бетінде талай мәрте жазылып та, айтылып та келді. Оның туғанына 70 жыл толуына орай Алматы қаласы, «Зерде» баспасынан «Азамат» атты естеліктер мен әңгімелер жинағы шығарылды. Осы ретте онымен замандас, үзгенілес-күсеттес, таныс-біліс болған мемлекет және қоғам, өнер қайраткерлерінің жазған естелік-мақала, арнау-толғауларының бас тақырыптарының өзі-ақ Е.Н.Әуелбековтің кім болғандығын, кісілік келбетін, қайраткерлік қарым-қабілетін, азаматтық қадір-қасиетін, адами бітім-болмысын, тұлғалық сыр-сипатын айшықтап, айқындап мейлінше ашып көрсетіп тұр емес-пе?! Бәрін қамти алмасак та біршыпырасына көз жүгіртпін көрелік: «Елінің еңселі ұлы еді» (Б.Әшімов), «Қарымды, қайсар, қайыршы» (Ы.Қалиев), «Халқына қадірменді дара тұлға» (М.Бижанов), «Жарық бір жұлдыздай еді» (Т.Жұмабаев), «Ары таза азамат» (Ф.Сағымбаев), «Халқына жаны ашыған» (Т.Молдағалиев), «Тұлға» (К.Махамбетов), «Еңбектің әміршісі» (С.Шаухаманов), «Адалдықтың ақ жұлғаны» (Б.Смағұлов), «Нар тұлға» (К.Салықов), «Қайсар тұлға» (Ә.Бәкіров), «Болмысы бөлек жан еді» (Н.Сейтжанқызы)...

Сыр елінің алғаусыз пейілі

Осындай халық арасынан шыққан елге танымал тұлғалардың дуалы аузынан шыққан даусыз баға, тенеулерге еш алып-қосарымыз жоқ. Жаңа сөз айта алатындай Еркін ағамен үзгенілес болған жайымыз және жоқ. Десе де, 1980-2000 жылдары Қызылорда облысында жергілікті деңгейдегі комсомол, кеңес, шаруашылық орындарында жетекшілік қызмет атқара жүріп, Е.Н.Әуелбековке деген Сыр бойы халқының риясыз, шынайы құрмет-сүйіспеншілік, алғаусыз ризашылық ықылас-пейілдерінің куәгері болғандығымыздан және қызылордалықтардың осы күнге дейін «көзден кетсе, көңілден де кетеді» жол бермей, Еркін ағаға деген ізгі ниеті мен ерекше құрметінің толастамай, бәсеңдемей отырғанын есітіп те, көріп-біліп те жүргендіктен, асыл ағаның 90 жылдығы қарсаңында үнсіз қала алмадық.

Ол кісінің Қызылорда облы-

сының ауыл шаруашылығын дамытып, өнеркәсіп-өндірістік саласын көтеріп, экологиялық ахуалын сауықтыруға, өңірдің экономикалық дамуына қажетті инфрақұрылымдық жүйені жасап, қалыптастыруда және осының барлығын, ең алдымен, облыстың тұрғын халқының әлеуметтік әл-ауқаты мен мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатына жұмылдырып, бағыттағандығы жайлы жоғарыда аталған мақала, естеліктерде егжей-тегжейлі жазылып-баяндалып, бағасы да берілген. Мұның барлығы патша көңіл оқырмандарымыздың жадында жаңғырып жүрген жайттар десек те, сөзіміз жалаң болмас үшін кезінде Талдықорған обкомының төрағасы, Еркін ағадан кейінгі Қызылорда обкомының 1-хатшысы, осы облыстың алғашқы әкімі, Парламент депутаты болған мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухамановтың «Еңбектің әміршісі» атты толғанысқа толы мақаласынан сөзбе-сөз үзінділер келтіруді жөн көрдік.

«...Ерекең қызметтің барлық баспалдақтарынан секіремей, аттамай өтіп дұрыс, ретті, таза, түзу жолмен өсті. Ерекеңнің ерекше атап өтуге тұрарлық, баршаға өнеге боларлық қасиеті – ол кісінің қолының, бүкіл өмір жолының тазалығы. Ол соншама жыл бастық бола жүріп дүниеге қызықпаған, дүниеге көз салмаған, дүние жинамаған кісі... Е.Н.Әуелбеков облыста заңдылық, тәртіптілік, тазалық, реттілік, жөнділік, әділеттілік ахуалын қалыптастыру бағытында бар күш-жігерін аямай салды. Ерекең – таза, адал жолдан еш уақытта ауытқымаған азамат. Бұл дүниеге тек жұмыс үшін, еңбек ету үшін келгендей, ол өмірдің басқа да адамға қажет құндылықтарына, қызықтарына, шы- жықтарына, рахатына, ләззатына басын бұрмады, көзін салмады, аяғын шалдырмады, бойын алдырмады. Ол нағыз мемлекетшіл, халықшыл азамат еді. Бұл екінің бірі, егіздің сыңары түгілі, атқа мінгендердің мынан бірінің де қолынан келе бермейтін азаматтық ерлікке пара-пар өнеге емес пе?!

...Ерекең өз кемшілігін өзі білетін, он кісіге емес, бүкіл Одаққа төрелік айта алған кісі. Ең негізгісі Ерекеңнің биік болмысы, оның заманы мен замандастарынан оқ бойы озық сүрген мағыналы да мақсатты ғұмыры, артықшылығы мен ерекшелігі, ел, халық, мемлекет алдындағы теңдесі жоқ жасампаз еңбегі оның кемшіліктері мен қателіктерінен мың есе артық екені адамға да, Аллаға да аян... Ерекеңе Алла тағала ақыл берген, табиғат талант сыйлаған, тағдыр білім мен тәжірибені тарту еткен. Сондықтан да Ерекең бүкіл өмірінде қандай да бір қызметті болмасын, тыңғылықты, нәтижелі, жоғары дәрежеде, мүмкіншілігінің шегіне шығарып атқару үшін қажетті қауқар-қабілеті, құрал-сайманы түгел, төрт жағы құбыла, бес қаруы сай, өз заманының қажырлы да қайратты мемлекет және қоғам қайраткері болды...



Қазіргі қазаннан қақпақ кеткен, адамдардан қанағат кеткен, небір азаматтар азып-тозып, құнығып, кеңірдегі майланып, көзі байланып, байлықтың құлына айналған заманда Ерекеңнің тұлғасы, тұғыры биіктеп анызға, арманға айналуды әбден мүмкін. Күннің жарығын бүркемелеу қандай қиын болса, Еркін Әуелбековтің азаматтығын, іскерлігін, қайраткерлігін, қажырлығын, адалдығын, тазалығын, өнегелі өмірін, өшпес ізін, өлмес ісін, тарихи тағдырлы сөздерін ешкім де жоққа шығара алмайды... Бәріне де жоғары мәртебелі халық, уақыт, тарих төреші». («Бұқпа!» 11.02.2016ж.)

Дарындыларға дара жол

Міне, қадірменді оқырман, Е.Н.Әуелбековтің өкішесін баса ел басқарған С.Шаухаманов сынды Сыр бойының айтулы азаматы асыл аға бейнесін осылай сомдап ағынан жарыла толғанса, Елбасы «Сыр – Алаштың анасы» деп ұлықтаған Сыр өңірінің кейінгі ел басқарған азаматтары да қалың көпшіліктің пікірімен санаса отырып, Е.Әуелбеков есімін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп қалдырудың бірнеше сәтті шешімін тапқан. Атап айтқанда, Қызылорда қаласының бас көшелерінің біріне сонау 2000 жылы туғанына 70 жыл толуына орай Е.Н.Әуелбековтің есімін Республикада алғашқылардың бірі болып берген. Сондай-ақ облыс орталығындағы №4 дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа Еркін Нұржанұлының есімі берілді.

2018 жылдың Наурыз мерекесін Қызылордада қарсы алудың сәті түскен еді. Сол күндері Еркін Әуелбеков атындағы мектеп-интернатқа барып, оқу ордасын көріп-таньсудың да орайы келе қалды. Астанадағы «Еуразия» университетінде оқитын жиенім Аманбол өзі оқыған мектепке мақтаншыпен қуана алып, барды. Мектеп-интернат директоры Балзия Абдуллаева бізді өте жылышырайлы қарсы алып өзі басқарып отырған білім ордасы жайлы кеңінен әңгімелеп берді. Облыс орталығындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернат 1996 жылы ашылған екен. 2010 жылы осынау сәулетті де кешенді жаңа ғимаратқа көшіпті. Мектеп-интернат алдында Е.Әуелбековтің еңселі ескерткіш-бюсті ашылыпты.



РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ



Ескі құжаттарды ақтарып отырып, 1986 жылы 17 желтоқсанда Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Әуелбековтің төрағалығымен өткен жиналыс хаттамасы қолыма түсті. Сол күнгі жиналыстың күн төртінде «Құмкөл» кен орнын игеруге дайындық мәселелері қаралған. Бұл құжат туғанына 90 жыл толған Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің Сыр мұнайын игеру ісінің бастауында тұрғанын, Қызылорданы өндірістік өңірге айналдырудағы алғашқы қадам қалай жасалғанын айғақтайды.

«Құмкөлдің» қазығы осылай қағылған еді

Оның алдында, яғни 1985 жылы 6 маусымда КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің «Қазақ ССР-індегі Құмкөл кенішін пайдалануға беруді ұйымдастыру» туралы бұйрығы шықты. Онда Қазақстанның Жезқазған облысындағы «Арысқұм» иінінің мұнай-газдылығы туралы айтылған. Қазақ ССР Геология министрлігі «Оңтүстік Казгеология» бірлестігі жүргізген зерттеулер қорытындысында көпқабатты «Құмкөл» кеніші ашылғаны, 1987 жылдан бастап кеністі игеруге әзірлікті бастау үшін тиісті орындарға тапсырмалар жүктелген. Осы бұйрықтың 2-тармағында 1986 жылдың 1 шілдесінен бастап Қызылорда қаласында «Манғыстаумұнай» бірлестігінің құрамына кіретін «Құмкөл» кенішін игеру жөніндегі дирекция құру тапсырылған.

Жоғарыда аталған жиналыс хаттамасында «Манғыстаумұнай» бас директорының орынбасары М.Саламатовтың ақпараттары мен ұсыныстарын тыңдаған соң қабылданған шешімдер көрсетілген. Онда Қызылорда мұнайға қатысты өндірістік және құрылыс базасының болмауына орай ұйымдастыру кезеңінде «Манғыстаумұнай» балансына құрылыс аяқталмаған «Сельхозэнерго» құрылыс базасын, Александровск поселкасындағы «Союзгипрорис» институты Қызылорда бөлімшесінің тұрғынжай нысандарын беру міндеттелген. Сондай-ақ әкімшілік аппаратты жылу жүйелері мекемесінің кеңесіндегі бос орындарға орналастыру, мұнайшылардың баспана мәселесін шешу үшін 1987-1990 жылдар аралығында 42 мың шаршы метр тұрғын үй, 280 орындық балабақша салу көзделген. Алдағы жартыжылдықта мұнайшыларға арнап барлық әлеуметтік-мәдени нысандармен қамтылған шағын аудан салудың бас жоспарын жасау, бірінші 70 пәтерлік тұрғын үйді 1988 жылдың бірінші жартысында беру туралы нақты тапсырма жүктеліпті. Оған қоса, «Қызылорда-Шевченко» бағытына күнделікті әуе рейсін ашу, жергілікті тұрғындар арасынан осындағы арнаулы және жоғары оқу орындары базасын пайдалана отырып, мамандар дайындау, мұнай-газ мамандықтарына мектеп бітірушілерді бағыттау мәселелері пайдаланылған. Осы шаруалардың басы-қасында, «Құмкөлдің» қазығын қаққандар қатарында сол кездегі басшының орынбасары, қазіргі ардагер мұнайшы Есқожа Бергенбаев та жүрді.

Міне, бұдан 34 жыл бұрынғы құжат Сыр бойындағы мұнай игеру тарихын осылай баяндайды. Е.Әуелбековтің төрағалығымен өткен ең бірінші ұйымдастыру жиналысы, онда берілген тапсырмалар кейіннен өңір экономикасының локомотивіне айналған мұнай өндірісі саласының аяғынан қаз тұруына сеіттігін тігізді. Қазақта «бітер істің басына, жақсы келер қасына» деген даналық сөз бар емес пе? Еркін Нұржанұлының принципшілдігі мен қажыр-қайраты арқасында Сыр өңірі аграрлы аймақтан өндірістік өлкеге айналғанын көзқорғандар айтпағанда кім айтады?

Аталған мектеп-интернатта мұражай да сәулетті бөлмеде заманауи үлгіде көрнекі, мазмұнды, мағыналы тұрғыда үлкен талғампаздықпен әсем безендіріліп ашылған екен. Еркін Нұржанұлының өмір жолын, өскен-өнген ортасын, еңбек белестерін баяндайтын түрлі-түсті фотостендтер мен атқарған қызмет, алған марапаттары жайлы түпнұсқалық та, арнайы электронды үлгідегі ксерокопирдегі жазба жәдігерлер аса бір ұқыптылық, реттілік, мұқияттылықты паш етеді. Асыл ағаның тұтыған қызметтік, тұрмыстық мүлік, заттарына да орын берілген. Балзия директорының осы мұражайды ұйымдастырып ашудағы ізденісі мен еңбегіне тәнті болған Күлше Оспанқызы салтанатты шаралар аяқталған соң, арнайы келіп жеке ризашылығын білдіріп, алғыс айтыпты. Қызылордалықтардың Еркін ағаның есімін ұлықтаудағы ерекше ықылас-пейілдеріне біздің де тәнті болып тебіреніске түскеніміз рас. Айтқандай, мұражай қабырғасының кіреберісіне Е.Нұржанұлының «Игі тілекті азайтып, іске көбірек бетбұрыс жасау керек» деген сөзі көрнекі безендіріліп жазылып, орналас-тырылғаны көзге бірден түседі. Мұнда келушілерді осы сөзбен қарсы алып, осы сөзбен шығарып салып тұрғандай әсерленіп шыққанымыз да анық.

Сыртқа шықсақ ұлы сәскеге нек артқан күннің шуағы молайып, аспан да ала-бөтен арайланып-ақ тұр екен. Тіке түскен күн сәулесі асыл ағаның қоладан құйылған мүсініне ерекше әр беріп, жүзін нұрдандыра жарқырайды. Біз де ескерткішке тағзым етіп, естелік суретке түстік.

Бұл 2018 жылдың 24 наурызы еді.

Тынымбай ДОСБАТЫР,
КР Журналистер одағының мүшесі
Ақмола облысы, Зеренді ауданы

Ғалым БАЙМАНОВ,
инженер-мұнайшы

